

Алматы темекі комбинатын жеке жоба бойынша жекешелендірудің шарттары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 маусым 1993 ж. N 527

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шетелдің заң және қаржы консультанттарының қатысуымен конкурстық комитет әзірлеген Қазақстан Республикасында темекі бұйымдарын өндіретін Алматы темекі комбинаты - компаниясы (Компаниялар) үшін стратегиялық инвестор таңдау мақсатында конкурсты өткізудің тәртібі мен шарттары туралы құжаттар пакеті мен Компанияның акционерлік күрделі қаржысын иелену туралы тиісті шарт негізінен мақұлданып, онда мынадай негізгі қағидалар көзделіп отыр:

конкурстың басталуы - 1993 жылғы 28 маусым, конкурстық құжаттарды қабылдаудың аяқталуы - 1993 жылғы 17 тамыз, ұсыныстарды қарап, жеңімпаздардың кандидатуралары жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу - 1993 жылғы 9 қыркүйекке дейін;

Компания акциясының 49 процентін конкурсқа бастапқы негізде ұсына отырып, Компания акционерлік қоғамға айналады. Акцияның қалған 51 проценті үш жылға дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінде сақталады. Сатып алушы оған қалған акцияны иеленуге мүмкіндік беретін, республика үшін қолайлы шарттық соманы арнаулы шотқа бір мезгілде енгізуге келіскен жағдайда, олар оған арнаулы келісім шартына сәйкес (Акцияларды шартты табыс ету туралы шарттар) бір жылдың ішінде өткізілетін болады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген бірқатар мәселелер бойынша Компанияның республика үшін қолайсыз шешімдеріне тиым салу құқын беретін "Алтын акцияны" үш жыл бойы иеленеді;

жекешелендірілген кәсіпорын мүлкінің құны нақты қалыптасқан баға мен негізгі қордың және айналымдағы қаражаттың құнының арақатынасын, шығарылған өнімге сұранымды, оның бәсекеге төзімділігін, өндірістің рентабельділігін, кәсіпорын дамуының перспективасын, әлемдік баға деңгейін және басқа факторларды ескере отырып, қалдық құн негізінде айқындалады. Алматы темекі комбинаты еңбек ұжымының мүшелеріне қайтарымсыз, аталымды артықшылықпен берілетін үлес (Қызметкер акциясы) әрбір қызметкердің акциясының құны оның орташа айлық еңбекақысының он екі мәртелік мөлшерінен аспайтын шарт бойынша айқындалады (зейнеткерлерді, аталған кәсіпорында кемінде 15 жыл істеген, республика аумағында тұратын және жұмыстан дәлелді себептермен кеткен адамдарды ескеріп әрі қайта құру сәтіндегі олардың еңбекақы мөлшерін индекстей отырып). Сатып алушы ауыл шаруашылығындағы тауар өндірушілерді өндірісті механикаландыру, жетілдіру мен

ұлғайту, өнімді көбейту, сапаны жақсарту мен жаңа түрлерін аудандастыру, темекі жапырағын жылумен өңдеуді, ферментациялауды жақсарту, өңдеудің қосымша әдістерін енгізу үшін инвестициямен қамтамасыз етеді;

Компанияны тағам-дәм өнеркәсібі өнімдері үшін белгіленген рентабельділіктің шекті деңгейінде мәміле жасаудан, еркін баға мен тарифтерді, мемлекет мұқтажын қамтамасыз ету үшін оның өнімдерін сатып алу мен берудің көлемін жария етуден босату және Компания жұмыс істейтін барлық мерзімде Компанияға Алматы темекі комбинатының жер телімін жалға алуға құқық береді.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен конкурстық комитет конкурсты жасалған шарттарға сәйкес өткізуді қамтамасыз етсін, Компанияның акционерлік күрделі қаржысын иелену туралы Шарттың ережелерін конкурса қатысушылардың ұсыныстарын қараудың нәтижелері бойынша

дәлдеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізісін.

3. Қазақстан Әлем Банкіне конкурс жеңімпазымен акцияны шартты табыс ету туралы Шартты әзірлеу мен жасауға қатысу және сол бойынша тиісті операциялардың орындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі